

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Жаратылыстану- география факультеті, Химия кафедрасы «6В01508 - Химия-Биология», 6В01515-«Химия ағылшын тілінде», 6В01507 – «Химия» білім беру бағдарламаларының IV курс студенттерінің педагогикалық сараман бойынша қорытынды

Есебі

Оқу жоспарына және оқу кестесіне сәйкес күндізгі оқу бөлімінің «6В01508 - Химия-Биология», 6В01515-«Химия ағылшын тілінде», 6В01507 – «Химия» білім беру бағдарламаларының IV курс студенттері 23.01.2023- 06.05.2023жж аралығында педагогикалық сараманнан өткен болатын.

Педагогикалық сараманың мақсаты: химия пәні мұғалімі мен сынып жетекшісінің функцияларын толық орындауға, оқушылармен оқу-тәрбие жұмысының жүйесін жүргізуге дайындық.

Педагогикалық сараманың міндеттері:

- білім берудің мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес студенттердің кәсіби қызметін жүзеге асырудың негізгі кәсіби-педагогикалық біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- болашақ мұғалімдердің педагогикалық санасы мен кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін дамыту;

- оқу-тәрбие үдерісін бақылау және оның нәтижелерін талдау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- білім алушылардың білім беру бағдарламасына сәйкес пәндері бойынша мектепте жұмысты ұйымдастыру жүйесі мен мазмұнын оқып үйренуі;

- педагогикалық тәжірибені зерттеу және талдау әдістеріне оқыту және оны педагогикалық қызметте қолдану;

- білім алушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасы мазмұнымен таныстырып, химия пәнінен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.

Педагогикалық сараман конференциясы 2023 жылдың 5- қаңтарында күн тәртібіне сәйкес өткізілді. Конференцияда «Химия», «Химия- ағылшын тілінде», «Химия- Биология» білім беру бағдарламаларының студенттері жиналды. Конференция химия кафедрасының аға оқытушысы, магистр Киишева Динара Жайдарманқызы, «Биология және экология» кафедрасының меңгерушісі Кожағалиева Рима Жамбуловна, аға оқытушы, магистр Сейфуллина Баян Сериковна, оқытушы, магистр Мукашева Маншук Муратовна, оқытушы Удреева Камшат Салахетдиновна қатысуымен өткізілді.



Сурет 1 – Тұрақтандыру конференциясы

Педагогикалық сараман жетекшісі Киишева Динара Жайдарманқызы химия

кафедрасының студенттерін педагогикалық сараман бағдарламасымен таныстырды, негізгі мақсат-міндеттерді, яғни педагогикалық сараманның мақсаты - мектеп өмірімен жақынырақ таныстыру, болашақ мамандық үшін қажетті дағдыларды меңгеру, студенттердің педагогикалық, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді сараман кезінде пайдаланып, сабақ өткізу және нәтижелерімен бөлісу екенін атап өтті. Педагогикалық сараманның мазмұны мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарының барлық бағыттарын қамтиды.



Сурет 2 – Педагогикалық сараманның мақсат-міндеттерімен таныстыру сәті

Педагогикалық сараманға жауапты әдіскерлер Мукашева М.М., Сейфуллина Б.С., Удреева К.С. және мектеп гигиенасы бойынша Кажиахметов С.А. сөз алып, сараман кезінде өткізілетін сабақ және тәрбие жұмыстарының тақырыптарымен, жинақтайтын құжаттар үлгілерімен, сараман бойынша қорытынды есеп жазу және т.б. іс-қағаздар бойынша студенттерге таныстырып, бағыт-бағдар берілді. Тұрақтандыру конференцияда басты көңіл оқу процесіне жаңартылған білім беру бағдарламасын және критериалды бағалау жүйесін енгізу жолдарына бағытталды. Білім алушыларға педагогикалық сараманның бағдарламасының және оларға арнап жасалған практиканың әдістемелік нұсқаулығының электронды нұсқасы берілді. Теориялық білімді практикада көрсету, қолдану қажеттілігі айтылды. Сондай-ақ сынып жетекшілік міндеттері жүктелетінін, сәйкесінше сыныппен жұмыстану, тәрбие және сыныптан тыс жұмыстар өткізу қажеттігі атап өтілді. Сараман кезінде сұрақтар, қиындықтар туындаса, әдіскерлермен кеңесу және сараманға үлкен жауапкершілікпен қарау міндеттелді. Конференцияда педагогикалық сараман есебін дәлелді тапсыру сұралды. Студенттердің педагогикалық практика кезінде бойында қалыптастырылатын нәтижелері сипатталды:

- Өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біледі және түсінеді;

- Оқыту және тәрбиенің негізгі компоненттері жоспарлай, болжай, талдай, алады.

- Өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламаға сәйкес педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі.

- Өз пәндері бойынша жаңартылған бағдарламадағы оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі.

- Оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және тәрбие жұмысы барысында оларға жеке көзқарасты жүзеге асырады.

Студенттер сараманнан өтуге төмендегі мектептерге бөліп топтастырылды:

ХБ-41 топ студенттері: № 2 ЖОББМ - Едигина Перизат Нұрлатқызы; № 4 ЖОББМ - Сембай Аружан Сембайқызы; № 20 ЖОББМ - Ислямғалиева Арайлым Жеңісқызы, Жақыбаева Данагүл Ерікқызы, Маратова Алтынай Серікқызы, Сағатова Роза Сакенқызы; Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені - Қуанышева Зульфат Мақсотқызы, Малғасбаева Гулбарам

Муратқызы, Малимбаева Гулзинат Серікқызы, Сапарова Гүлнұр Ержанқызы, Табылдиева Амина Мырзабекқызы; № 10 ЖОББМ - Серік Әсем Серікқызы, Жасталапова Сәндеш Жанбулатқызы, Амантай Наргиза Асыланқызы, Сайлауова Диана Жасұланқызы, Жұмагереева Данара Берікқызы; № 42 Ақниет гимназиясы - Темирова Динара Нурланқызы, Сұраныстары бойынша: 1.Болатова Аружан Азаматқызы - Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, № 12 ЖОББМ; 2. Амандықова Бибіханым Сағындыққызы - Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, № 12 ЖОББМ; 3.Жумасейт Гүлхан Жумасейтқызы - Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, № 12 ЖОББМ

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Киішева Динара Жайдармановна, «Биология және экология» кафедрасының оқытушысы Утебалиева Бағжан Едігеевна, мектеп гигиенасы бойынша Кажиахметов Салауат Абаевич бекітілді.

ХБ - 43 топ к/б: № 41 ЖОББМ - Исағат Райля Исағатқызы, Муратова Айгерим Мәлікқызы, Рысқалиева Зарина Қайратқызы; № 47 ЖОББМ - Мұғау Дана Болатқызы; Аймуханқызы Айтаңсық, Есмағұлова Әсем Ерболқызы, Зұлхарнай Назыгүл Зұлхарнайқызы, Махсотова Айсана Оралхановна, Серикбаева Сымбат Серикбаевна, Тойлыбаева Алтынай Шалькибекқызы, Толеген Дарья Каракулқызы, Тотайбек Анар Сәкенқызы, Досахаева Жұлдыз Өтегенқызы; № 50 ЖОББМ - Серикова (Жанаева) Асем Муратовна, Анесова Анаргүл Ақылбековна, Джонысова Ақнұр Файзоллақызы, Мақауова Жаңыл Миржанқызы.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Сейфуллина Б.С., «Биология және экология» кафедрасының оқытушысы, магистр Сарсенова А. Н., мектеп гигиенасы бойынша Кажиахметов С.А. бекітілді.

ХБ - 42 топ о/б: № 17 ЖОББМ - Ақтау Эльмира Сериковна, Зарипова Карина Витальевна, Крылова Евгения Александровна.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Сейфуллина Б.С., «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Бохорова С.Н. бекітілді.

Х/англ – 4 к/б: № 41 ЖОББМ - Бибай Жантөре Қанатұлы, Жұмабекқызы Дариға, Зейнетуллина Амина Арманқызы, Кенжеғалиева Айсана Мырзагерейқызы.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының оқытушысы Капанова Г.Г., мектеп гигиенасы бойынша «Биология және экология» кафедрасының меңгерушісі Кожағалиева Р.Ж. бекітілді.

М.Маметова атындағы № 27 мектеп-лицейі - Қонысбаева Назерке Избасарқызы, Мақсотова Аружан Райымбекқызы, Батырғалиева Шырын Бактығалиқызы, Тлеккабылова Мөлдір Ержанқызы; Назарбаев зиякерлік мектебі - Бегисова Аружан Аскараровна, Мақсотова Гүлім Сырымқызы.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Сейфуллина Б.С., мектеп гигиенасы бойынша «Биология және экология» кафедрасының меңгерушісі Р.Ж. Кожағалиева бекітілді.

Сұраныстар бойынша: Құрманғали Ануарбек Қуанышұлы - Батыс Қазақстан облысы дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Білім-инновация» мектеп-лицей-интернаты; Нағымова Балжан Мәлікқызы – БҚО, Теректі ауданы Талпын НОББМ; Қадерова Айтоты Серікқызы – БҚО әкімдігінің білім басқармасының Бөкей орда ауданы Білім беу бөлімінің Т.Масин атындағы ЖОББМ.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к. Череватова Н.К., мектеп гигиенасы бойынша «Биология және экология» кафедрасының меңгерушісі Р.Ж. Кожағалиева бекітілді.

Х– 41 к/б: № 42 Ақниет гимназиясы - Сиражева Ләззат Ақылбекқызы, Ташманова Жайнагүл Аманжолқызы, Берікбай Мадина Мұратбайқызы, Қаблезов Рустем Қайратұлы, Сағындықова Арайлым Болатбекқызы; Круглоозерное ЖОББМ - Муратбаева Кундыз Рахатовна.

Әдіскер ретінде «Химия» кафедрасының аға оқытушысы Киешева Д.Ж.(2 студент), оқытушысы Мукашева М.М. (2 студент), аға оқытушысы Сейфуллина Б.С. (2 студент) және мектеп гигиенасы бойынша «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Кажиахметов С.А. бекітілді.

Практика өтілген мектептердің оқу-материалдық базасы жақсы.



Сурет 3 – Химия кабинеттерінің жабдықталуы

Мектептер кабинеттік жүйемен толық жабдықталған, химия сабақтары химия кабинеттерінде өтеді. Химия кабинетінде реактивтер, коллекциялар мөлшері жеткілікті. Осыған орай сарамандық жұмыстар демонстрациялық немесе оқушылардың топтық жұмыстарын өткізуге толық мүмкіндік бар.



Сурет 4 – НЗМ әкімшілігінің ұйымдастыруымен машықкерлерге бейімделу аптасының ашылу салтанатынан

Практиканың алғашқы күні студенттер өздері тағайындалған мектептерге барып, сараманнан өту жолдарын талқылауға арналған кездесуге қатыстысты. Студенттер сараман

кезінде орындауға тиісті барлық жұмыстармен, мектеп әкімшілігімен, оқу ісінің меңгерушісімен және химия, биология пәндерінің мұғалімдерімен, бөлінген сыныппен танысты. Болашақ педагог ретінде оқу-тәрбие мекемесінің материалдық-техникалық базасымен, мектеп оқытушыларының қызметтік міндеттері мен құқықтарымен, мектептің ішкі ережелерінің құжаттарын қарастырды. Пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспармен, сабақ жоспар үлгісімен танысты.

Жоспар бойынша өткізілетін сабаққа тиянақты дайындалды, тек мектеп оқулығымен шектеліп қалмай, теориялық білімдерін одан әрі дамыту мақсатында университетіміздің кітапханасына барып, «Химия мектепте», «Химия анықтамалығы» сияқты журналдардан, интернет көздерінен қажет деген қосымшы материалдар мен әдіс-тәсілдерді жинақтап отырды. Мұғалімдерге арналған www.bilimland.kz және www.twig.bilim.kz сайттарынан оқушыларға дидактикалық материалдар беріп, тақырыпқа байланысты видео көрсетіп, әр түрлі бекіту тапсырмалары орындалды. Қоңырау кезінде мектеп кітапханасына барып, журналдар және сабаққа қатысты кітаптардан мәліметтер алып отырды.

Студенттер сараманға аса зор жауапкершілікпен, ұйымшылдықпен кірісіп, сол қарқындарын сараманның соңғы күніне дейін жойған жоқ. Әрбір сабақтарына ізденімпаздылықпен дайындалып, тақырып материалдарын толық меңгеріп, тиімді әдістерді пайланып, сабақтарды түрлендіре алды.

Студенттер өткізген сабақтарында 7,8 сыныптарда «Сутек. Су. Ерітінділер» тарауы, 9 сыныптарда «Металдар» тарауы, 10 сыныптарда «Маңызды s,d-элементтер және олардың қосылыстары» тақырыптарын қамтыды.

Кэмбридж бағдарламасының жеті модулін оқушыға білім беруде тиімді қолданып, жаңаша форматтағы сабақтар жүргізуге тырысты.

Машықкерлер сараманның алғашқы күнінен бастап өздеріне бекітілген пән жетекшілерінің сабақтарына қатысып, сынып оқушыларымен танысып және олардың білім деңгейлерін бақылады. Педагогикалық сараманның алғашқы аптасында басқа пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, олардың қолданған әдіс-тәсілдерін талдап, мол тәжірибе жинақтады.

Сабақ беру аптасы басталар алдында күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардағы сабақ кестесіне сәйкес тақырыптармен танысып, қысқа мерзімді жоспар құруға негіз болатын оқу мақсаттары ескерілген. Әр өткізетін сабақтарының алдында міндетті түрде алдын ала қысқа мерзімді жоспар құрып, пән мұғаліміне тексертіп, бекіткізіп алып жүрді. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назар аударылды. Қолданған әдіс-тәсілдері де сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктерімен қоса, мінез-құлық және сабақтағы белсенділік ерекшеліктеріне сәйкес таңдалып алынды. Бастысы өткізілген сабақтардың бәрінде белгіленген оқу мақсаттарына жетуге әрқайсысы тырысты.

Сабақта қолданылған платформалар мен әдіс-тәсілдері:

- Платформалар: quizziz.com, wordwall, learninigApp.org, okulyk.kz, puzzle-quiz, bilimland.kz, gimkit.com, app.genial.ly, app.quizwhizzer, educaplay.com, me-qr.com, online-stopwatch.com, т. б.

- Сұрақ-жауап, басқа да түрлі тапсырмалар бойынша: миға шабуыл, орео, попкорн, балмұздақ, құпия хат, деңгейлік тапсырмалар, конверттегі карточкалар арқылы топқа бөлу, стикерлер арқылы топқа бөлу, qr-код арқылы топқа бөлу, карусель, өкіл, тарсия, қалыптастырушы бағалау парақтары, спиннер, ұяшықтармен жұмыс, топтық жұмыс, жеке жұмыс, жұптық жұмыс, викториналар және т. б.

- Бағалау және кері байланыс (рефлексия) бойынша: смарт сағат, лифт, бағалау транспортирі, өзін-өзі бағалау парағы, кері байланыс билеті, еркін микрофон, айфон-ватсап,

алма толы себет, банка әдісі, білім кемесі, пошта жәшігі, кубик, рефлексиялық диаграмма, т. б. әдіс-тәсілдерді жоғары деңгейде қолдануды қолға алды.



Сурет 5 – Түрлі АКТ пайдаланып сабақ беру барысынан



Сурет 6 – Химия пәнінен білім алушылардың өзара сабаққа қатысу барысы



Сурет 7- «Сықырлы қалпақ» сергіту сәтінен

Қысқа мерзімді жоспарды құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударды. Мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Серпілген сауал», «Қораптағы сұрақ», «Жаңбыр тамшылары», «Фри», «Lays» әдіс-тәсілдерді қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғарды. Оқушылар «Әлеуметтік желі лайктары» арқылы бағаланды.



Сурет 8- «Lays» және «Қолшатыр» әдісі



Сурет 9- Жаңа тақырып түсіндіру сәті және лайктар арқылы бағалау



Сурет 10 - БЖБ тапсырмаларын орындау кезі



Сурет 11- Топтық жұмыс



Сурет 12- Постер қорғау, сұрақ-жауап



Сурет 13- Үй тапсырмасын тексеру, жаңа тақырып түсіндіру барысы



Сурет 14 – Машықкерлердің сабақтарына қатысу сәтінен



Сурет 15- «Облыстық «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілері форумы»

Сонымен қатар машықкерлер өздеріне бекітілген сыныптарына өткізілген тәрбие сағаттарының саны да жетерлік. Негізгі тәрбие сағаттарын жоспар бойынша аптаның сәрсенбі күні өткізді, тек кейбіреулері ғана мерекелік күндерге байланысты бейсенбі, жұма күндері өткізілген болатын. Атап айтқан, “Абайдың қара сөздері - халық мұрасы”, «Нашақорлық қоғамдық дерт», “Алғыс айту - парызым”, «8-наурыз - халықаралық әйелдер күні», “Қош келдің, құтты Наурыз”, “Татулық - достықтың киелі бесігі”, “Отты жылдар шежіресі”, «Салауатты өмір салты» атты тәрбие сағаттарын өткізді. Жаратылыстану бағыты бойынша химия және биология пәндерінен оқушыларды ғылыми жобаға дайындап, жетекшілік етіп, түрлі жобалар ұйымдастырған болатын.



Сурет 16 – Жаратылыстану бағыты бойынша машықкерлер ұйымдастырған Ғылыми жоба барысы мен марапаттау сәті



Сурет 17 – «Абайдың қара сөздері – халық мұрасы» атты тәрбие сағаты



Сурет 18 - Тәжірибе жасау барысы



Сурет 19 - Қалдық қағаздарға екінші өмір сыйла

Қорытынды

Педагогикалық сараманнан өту барысында мамандыққа қажетті біраз тәжірибе жинақталды. Мұғалімнен бастау алған сәл ғана өзгеріс сыныпқа, сыныптың әр оқушысынан әр үйдің ата-анасына, ата-анадан қоғамға таралатын толқын іспеттес. Ең қызығы бұл толқынның бастау нүктесінен алшақтаған сайын тербеліс амплитудасының ұлғаятындығы. Бастысы осындай өзгерісті сезіне білу. Бұл толқынның тарау жолында кедергілер кездесті, болашақта кедергінің аз болмайтыны да айдан анық. Кез келген дағды тәжірибемен қалыптасады. Жаңа білім жүйесі бойынша ұққандары - дұрыс және нақты мақсат қоя білу керек. Жаңа тақырып түсіндірмес бұрын міндетті түрде өткен тақырыппен байланыс орнатылуы қажет. Бұл жүйеліліктің басты көрсеткіші. Сабақ тақырыбын жазғаннан кейін мұғалімдер міндетті түрде тақтаға сабақтың мақсатын жазады, себебі мақсатсыз орындалған сабақ еш нәтиже бермитіні мәлім. Сабақты мақсатқа сай орындаса оның берер пайдасы да көп. Сабақ ортасында осы мақсаттың міндеттері де ашыла бастайды. Ал сабақты аяқтау барысында мақсатқа сай қаншалықты жеткен жетпегенді талқылаумен қорытындыланады. Мұнда ұстаз оқушылармен кері байланыс жасау керек болады. Яғни «Мақсатқа жеттік пе? Оның қандай дәлелдері бар? Неліктен біз мақсатымызға жеттік?» (неге жетпедік?) деген сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру арқылы ұйымдастырылуы қажет болып табылады.

Сараман кезінде алынған білім, білік, дағдылар болашақ мамандығын игеруде белсенді жұмыс істеу үшін керемет көрсеткіш болды. Бұл сараман машықкерлер үшін келесі оқу жылына жас маман болып баруына деген үлкен дайындық және тәжірибе болды.

Педагогикалық сараман соңында әр мектептерде сараман қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес оздырылды. Білім алушы – машықкерлердің барлығы дерлік өздерінің еңбексүйгіштімен, жауапкершіліктерімен, ізденімпаздықтарымен, ұстаздық қабілеттерімен көзге түскені айтылды. Кейбір машықкерлерге теориялық білімдерін жетілдіріп, тәртіпті тұлға ретінде қалыптасуға ұсыныстар айтылды.



Сурет 20 – Педагогикалық сараманның қорытынды конференциясы

Педагогикалық сараманның қорытынды конференциясы 10.05.2023 ж күні оздырылды. Қорытынды конференцияға факультет деканы А.А. Тургумбаев, педагогикалық сараман жетекшісі Д.Ж. Киешева және химия, биология пәндері бойынша әдіскерлер, білім алушылар қатысты.

6B01507 – «Химия» білім беру бағдарламасының қорытынды бағалары

№	Аты-жөні	%	цифр.	әріпт.	Қорытынды бағасы
1	Берікбай Мадина Мұратбайқызы	92.0	A-	3.67	92
2	Қаблезов Рустем Қайратұлы	60.0	C-	1.67	60
3	Муратбаева Кундыз Рахатовна	93.0	A-	3.67	93
4	Сағындықова Арайлым Болатбекқызы	90.0	A-	3.67	90
5	Сиражева Ләззат Ақылбекқызы	98.0	A	4.0	98
6	Ташманова Жайнагүл Аманжолқызы	98.0	A	4.0	98

6B01515 – «Химия ағылшын тілінде» білім беру бағдарламасының қорытынды бағалары

№	Аты-жөні	%	цифр.	әріпт.	Қорытынды бағасы
1	Батыргалиева (Бактыгалиева) Шырын Бактығалиқызы	93.0	A-	3.67	93
2	Бибай Жантөре Қанатұлы	60.0	C-	1.67	60
3	Жұмабекқызы Дариға	65.0	C	2.0	65
4	Зейнетуллина Амина Арманқызы	90.0	A-	3.67	90
5	Кенжеғалиева Айсана Мырзагерейқызы	85.0	B+	3.33	85
6	Қадерова Айтоты Серікқызы	90.0	A-	3.67	90
7	Қонысбаева Назерке Ізбасарқызы	70.0	C+	2.33	70
8	Құрманғали Ануарбек Куанышұлы	70.0	C+	2.33	70
9	Максотова Гүлім Сырымқызы	97.0	A	4.0	97
10	Мақсотова Аружан Райымбекқызы	90.0	A-	3.67	90
11	Мамат (Бегисова) Аружан Аскарловна	95.0	A	4.0	95
12	Нағымова Балжан Мәлікқызы	75.0	B-	2.67	75
13	Орынғали (Тлеккабылова) Мөлдір Ержанқызы	93.0	A-	3.67	93

6B01508 – «Химия - биология» білім беру бағдарламасының қорытынды бағалары

№	Аты-жөні	%	цифр.	әріпт.	Қорытынды бағасы
1	Амандықова Бибіханым Сағындыққызы	98.0	A	4.0	98
2	Амантай Наргиза Асыланқызы	85.0	B+	3.33	85
3	Болатова Аружан Азаматқызы	98.0	A	4.0	98
4	Едигина Перизат Нұрлатқызы	90.0	A-	3.67	90
5	Жақыбаева Данагүл Ерікқызы	80.0	B	3.0	80
6	Жасталапова Сәндеш Жанбулатқызы	95.0	A	4.0	95
7	Жумасейт Гүлхан Жумасейтқызы	98.0	A	4.0	98
8	Жұмагереева Данара Берікқызы	90.0	A-	3.67	90
9	Ислямғалиева Арайлым Жеңісқызы	70.0	C+	2.33	70
10	Қуанышева Зульфат Мақсотқызы	98.0	A	4.0	98
11	Малгасбаева Гулбарам Муратқызы	96.0	A	4.0	96
12	Малимбаева Гулзинат Серікқызы	96.0	A	4.0	96
13	Маратова Алтынай Серікқызы	92.0	A-	3.67	92
14	Сағатова Роза Сакенқызы	68.0	C	2.0	68
15	Сайлауова Диана Жасұланқызы	96.0	A	4.0	96
16	Сапарова Гүлнұр Ержанқызы	98.0	A	4.0	98
17	Сембай Аружан Сембайқызы	90.0	A-	3.67	90
18	Серік Әсем Серікқызы	95.0	A	4.0	95
19	Табылдиева Амина Мырзабекқызы	96.0	A	4.0	96
20	Темирова Динара Нурланқызы	90.0	A-	3.67	90
21	Аймуханқызы Айтаңсық	90.0	A-	3.67	90
22	Анесова Анаргүль Ақылбековна	90.0	A-	3.67	90
23	Джонысова Ақнұр Файзоллақызы	98.0	A	4.0	98

24	Досахаева Жұлдыз Өтегенқызы	80.0	B	3.0	80
25	Есмағұлова Әсем Ерболқызы	93.0	A-	3.67	93
26	Зұлхарнай Назыгүл Зұлхарнайқызы	90.0	A-	3.67	90
27	Исағат Райля Исағатқызы	98.0	A	4.0	98
28	Макауова Жаңыл Миржанқызы	85.0	B+	3.33	85
29	Махсотова Айсана Оралхановна	98.0	A	4.0	98
30	Муратова Айгерім Мәлікқызы	98.0	A	4.0	98
31	Мұғау Дана Болатқызы	93.0	A-	3.67	93
32	Рысқалиева Зарина Қайратқызы	98.0	A	4.0	98
33	Серикбаева Сымбат Серикбаевна	95.0	A	4.0	95
34	Серикова (ЖАНАЕВА) Асем Муратовна	68.0	C	2.0	68
35	Тойлыбаева Алтынай Шалькибекқызы	90.0	A-	3.67	90
36	Толеген Дарья Каракулқызы	80.0	B	3.0	80
37	Тотайбек Анар Сәкенқызы	98.0	A	4.0	98

Білім алушылардың педагогикалық сараманы сәтті және нәтижелі өтті деп қорытынды жасауға болады. Педагогикалық кеңесте мектеп ұжымына, сынып жетекшілеріне, химия және биология пәндерінің мұғалімдеріне алғыс айтып, көп жылдан бері ортақ жұмыстанған химия және биология пәндерінің білікті ұстаздарына университет атынан ал, ыс хаттар ұсынылды. Ұзақ жылдардан бері мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісіп, машықкерлерге бағыт-бағдар беру арқылы біраз ақпараттарды меңгерулеріне мүмкіндік жасады.

Педагогикалық сараман кезінде оқушыларға оқудағы жаңа бағдарламамен ғана емес, дәстүрлі үлгідегі бағдарламаны да қолданып тұру өз кезегінде тиімділігін көрсетті. Бұл жердегі басты мақсат - берілген 45 минутта қамтылған тақырыпты оқушыларға нақты және ұтымды етіп түсіндіре алу. Сараман нәтижесінде қалыптастыра алған ұсыныс - сабақ барысында дәстүрлі үлгідегі сабақ беру жүйесін де қолдана алу. Басты мақсат - сабақ беру процесі нәтижелі болса, пәнге деген қызығушылық та көбейері сөзсіз.